

8 Сыздықова Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. Алматы, Арыс баспасы, 2009. -272б.

References:

- 1 Nysanbaev Ä. *Qazaq filosofiasy. Almaty, 1999. 308 b.*
- 2 Kenjebaev B. *Asau jürek. Almaty, Jazuşy 1975. -168 b.*
- 3 Otarbekova J.K. Nurgalieva N.B. *Qazaq tilindegi ösiet konseptisi. // Qazaqstannyñ ğylymy men ömiri. Astana, №2 (77) 2019.*
- 4 Nürdületova B. *Jyraular poeziasy мәтінинің коммуникативтік ерекшелігі // L.N.Gumilev atyndaғы EÜU habarşysy, filologia seriasy, Astana, №2 (123) 2018.*
- 5 *Ai, zaman-ai, zaman-ai...(Bes ğasyr jyrlaidy). Almaty, 1991. -T. 1. -384 b.*
- 6 Şamahova A. *Qazaq romandaryndaғы aqyn-jyraular beineleri // Aqiqat. A, № 3 nauryz, 2007 j.*
- 7 Jūmaliev Q. *Ädebiet teoriasy. Almaty, Mektep baspasy, 1969 j. 243 b.*
- 8 Syzdyqova R. *Qazaq tilindegi eskilikter men jañalyqtar. Ğylymi-tanymdyq zertteu. Almaty, Arys baspasy, 2009. -272b.*

МРНТИ 17.71.07

Рақыш Ж.С.¹

¹ *М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУ ТЕРМИНДЕРІ: СӨЗДІК ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ фольклортануының терминдер сөздігін жасаудың қағидалары мен тәжірибесі сипатталады, қазақ фольклортануының қазіргі жетістіктеріне негізделген терминдер талданады. Қазақ фольклортану ұғымдары мен терминдерінің даму бағыттары мен негізгі кезеңдері ұлттық фольклортанудағы терминдер базасының қалыптасу тарихымен тікелей байланысты. Қазақ фольклортануы саласында ұлттық және жалпы түркілік терминдер басым болса, ал орыс тілі арқылы шет тілден енген терминдердің үлесі аз екенін талдау нәтижесі көрсетті. Алайда фольклор жанрлары негізінен ұлттық терминдерден құралса, жалпы фольклортанулық терминдер мен ұғымдар халықаралық терминдерден тұрады. Қазақ фольклортануының терминдерін біріздендіру мақсатында фольклортанудың ғылыми терминдерін жүйелеу мен қалыптастыру, бекітілген дәстүрлі терминдерді өзгерту, терминдердің көп мағыналығы мен жарыспалы қолданысы қарастырылды.

Түйін сөздер: терминдер сөздігі, ғылымитермин, фольклор, фольклортану, жанр, терминдерді біріздендіру, терминжасам

Rakysh Zh. ¹

¹ *M.Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

THE TERMS OF THE KAZAKH FOLKLORE STUDIES: THE EXPERIENCE OF THE PREPARATION OF THE DICTIONARY

Abstract

This article introduces the principles and practice of developing a terminological dictionary of Kazakh folklore, also were analyzed new terms based on the current achievements in Kazakh folklore. The main stages and directions of development of Kazakh folklore concepts and terms are directly related to the history of the terminology base formation in national folklore. The analysis showed that in Kazakh folklore there is a predominance of national and general Turkic terms, and the share of Russian language borrowed

words is less. However, while folklore genres consist mainly of national terms, general folklore terms and concepts consist of international terms. In order to unify the terms in Kazakh folklore the systematization and formation of folklore scientific terms, transformation of authorized traditional terms, polysemy and competitive use of terms were considered.

Keywords: terminology dictionary, scientific term, folklore, folklore studies, genre, unification of terms, term formation

Ракыш Ж.С.¹

¹ *Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова,
Алматы, Казахстан*

ТЕРМИНЫ КАЗАХСКОЙ ФОЛЬКЛОРИСТИКИ: ОПЫТ ПОДГОТОВКИ СЛОВАРЯ

Аннотация

В данной статье описываются принципы и опыт создания терминологического словаря казахской фольклористики, проанализированы термины, базирующиеся на современных достижениях казахской фольклористики. Основные этапы и направления развития казахских фольклористических понятий и терминов напрямую связаны с историей формирования терминологической базы национальной фольклористики. Анализ показывает, что в области казахской фольклористики преобладают национальные и общетюркские термины, а доля заимствованных иностранных терминов, введенных через русский язык, меньше. Однако, если жанры фольклора в основном состоят из национальных терминов, то общетюркские термины и понятия состоят из интернациональных терминов. В целях унификации терминов казахской фольклористики рассмотрены вопросы систематизаций и формирования научных терминов фольклористики, трансформация утвержденных традиционных терминов, синонимия и многозначность терминов.

Ключевые слова: терминологический словарь, научный термин, фольклор, фольклористика, жанр, унификация терминов, терминообразование

Кіріспе. Қазақ фольклортану терминдерінің сөздігін құрастыру қажеттілігі отандық терминология мен осы ғылым саласының қазіргі даму деңгейіне байланысты туындады. Фольклортану терминологиясын зерттеуге арналған арнайы еңбек болмағанмен фольклортану саласындағы іргелі зерттеу еңбектерінде мол материал жинақталған. Қазақ фольклоры жөніндегі зерттеулердің көпшілігінде жаңа терминдер мен ұғымдар ұсынуға әрекет жасалды. Ұлттық фольклортану ұғымдары мен терминдеріне сараптама жасау арқылы отандық фольклортану ғылымының жетістігі мен мүмкіндігін бажайлауға болады.

Қазіргі таңға дейін фольклортану терминдерінің мол қоры қалыптасып қолданысқа түсті. Фольклортану ғылымының филологиялық пәндер қатарындағы орны, фольклор туралы түсінік, ерекшелігі, дәстүрге негізделіп, ауызша таралуы, халық жадында сақталуы сияқты белгілері айқындалды. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі фольклор жанрларын жүйелеу ұстанымдары, фольклорлық талдау әдістемесі, жекелеген жанрларды зерттеу мәселелеріне салыстырмалы талдау жасалды.

Әдістеме. Фольклортану сөздігін әзірлеуде шетелдік (орыс) фольклортану ғылымындағы ғылыми-теориялық және әдістемелік тәжірибе және ұлттық ғылым саласындағы теориялық ізденістер, іргелі зерттеулер мен жекелеген ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Сонымен қатар зерттеу барысында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, К. Мұсаев, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, Ш. Құрманбайұлы, А. Қоңырова, Е. Әбдірәсілов, С. Құлманов т.б. тілші ғалымдардың ұлттық терминология жөніндегі еңбектерінде айтылған ой-пікірлері басшылыққа алынды.

Нәтижелері. Ұлттық фольклортану ғылымында кездесетін ұғымдарға қатысты ғылыми терминдерді жүйелеп, бірізділікке түсіру, бір ұғымға қатысты жарыса қолданылған бірнеше терминнің ең ұтымды жасалғанын іріктеп алу арқылы ғылымның қазіргі кезеңдегі талаптарына жауап беріп, жетістіктерін дәл бейнелей алатын фольклортану терминдерінің жаңа сөздігін – фольклортану терминдерінің базасын жасау міндетке алынды. Қазақ фольклортануының пәнсөздерін реттеу, үйлестіру, қалыптастыру мақсатында осы ғылым саласындағы әртүрлі кезеңдегі фольклортанулық зерттеулер мен еңбектер қарастырылды.

Сөздікте фольклортану саласындағы пән сөздерінің негізгі даму кезеңдері мен бағыттары жөнінде мағлұмат беру мақсаты көзделді. Фольклортану саласының пән сөздері іріктеліп, реестрге алынды. Фольклортану терминдерінің пайда болу, жасалу жолдарын, қалыптасу тарихын, осы сала терминологиясының бұрынғы және қазіргі жағдайын, зерттелуін көрсетеді. Құрылымында таңдап алынған фольклортану терминдеріне ғылыми түсініктеме жазылды, талдамалық негіздеме берілді. Пән сөздеріне жазылған мақалалар материалдың қамтылуы, зерттелуі бойынша әрқилы.

Фольклортану терминдер сөздігінде пән терминдері қамтылып, әрбір терминнің мағынасы анықталып, толық түсінігі берілді. Материалдарды іріктеуіне қарай әліпбилік және тақырыптық жүйеде жасалды. Сөзтізбеде терминдердің тізімі әліпбилік ретпен тізіліп, термин жөнінде толыққанды мағлұмат айтылды. Қазақ фольклортану терминдерін этностың дүниетанымдық санасындағы концептілер жиынтығымен көрсетуге, қазақ фольклорының ерекшеліктерін бағамдалып, пән терминдерінің қалыптасуы салыстырыла талданды.

Талқылау. Шоқан Уәлиханов фольклор терминдері жөнінде алғаш құнды пікір айтқан, ол қазақ халық поэзиясының жанрлық түрлерін (жыр, жылау өлеңі, қайым өлең, қара өлең, өлең т.б.) жүйелеп, анықтамасын беріп, оларды ғылыми термин ретінде қолданып, ғылыми айналымға енгізді [1, 48-50].

В.В. Радлов өзі жинап, жариялаған фольклорлық шығармаларды қара сөз, үлгілі сөз, бата сөз, ұзатқан қыздың өлеңі, жар-жар, жоқтаған жыр, қайым өлең (айтыс), бақсының сөзі, қара өлең, өтірік өлең, батыр ертегі, ертегі, жұмбақ, кітаби өлең, қисса деген халықтық терминдермен атаған [2].

Алаш қайраткерлері ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметтерінде ұлттық терминдерді қалыптастыру ісіне бастамашы бола білді. Қазақ әдебиеттану және фольклортану саласының ғылыми терминологиясын жасаған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ана тілінің термин жасау мүмкіндігін барынша пайдаланып, сол ұғымның мәнін ашатын ұлттық сипаты басым төл сөздерді тауып қолданысқа қосты, соның біразы фольклортануда әлі күнге термин ретінде сақталып отыр [3].

Ол қазақ фольклорының ертегі, аңыз әңгіме, тарихи жыр, айтыс өлең, өтірік өлең, толғау, терме, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, тойбастар, жар-жар, беташар, неке қияр, бесік жыры, жарапазан, бата, ділмар сөз (афоризм), мақал-мәтел сынды жанрлық түрлердің сипатын ашып, ғылыми тұрғыда негіздеп берді. Дегенмен А.Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің ішінде бас қатырғыш, үміт өлең, үгіт өлең, ертегісымақ (аңыз әңгіме), ертегі жыр (батырлар жыры) сияқты қазір қолданыстан шығып қалғандары да бар.

Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінде ұлттық фольклордың жанрлық классификациясын ұсынды, естірту, қоштасу, көңіл айту, наурыз өлеңі сияқты көптеген жанрларды тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізді, батырлар жыры, ғашықтық жыр («ел поэмалары» деп атаған) мен тарихи жыр, ертегі, айтыс жанрларына терең ғылыми анықтама берді, жан-жақты талданды [4]. Наным-сенімдер фольклоры, ғұрыптық және маусымдық фольклор «сыршылдық салт өлеңдері», азалау фольклоры «ел салтындағы шер өлеңдер», наурыз, бақсы сарыны, жарамазан, бата беру өлеңдері «дінмен байланысты өлеңдер», жар-жар, сыңсу («қоштасу-танысу»), беташар «қыз ұзату салт өлеңдері» деген атаумен талданды. Қазақ фольклортануының дамуы мен қалыптасуына, төл терминдердің орнығуына, тереңдеп зерттелуіне М.Әуезовтің қосқан үлесі айрықша болды.

Халел Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» атты еңбегінде фольклор жанрларын кең көлемде топтастырды, эпсана, космогониялық әңгімелер, ырым сөз, түс жору, боғауыз өлең сияқты кейбір терминдерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізген [5, 14-39].

Қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыттары Кеңес үкіметінің әміршіл жүйесі тарапынан күшпен өзгертіліп, терминологиялық жұмыстардың бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес, орталық белгіледі. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезінде Елдес Омарұлы жасаған баяндама негізінде пән сөздерін қазақша жасау жөніндегі ұсыныс жалғасын таппады. 1935 жылы профессор Қ. Жұбанов ұсынған қазақ терминологиясының жаңа қағидаттары негізінде интернационал терминдерді өзгертпей алу дәстүрі орнықты [6, 113]. 90-жылдарға дейін ғылыми терминологияның ұлттық сипатын арттырудан гөрі кеңес халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсат етілді [7].

Фольклорлық шығарманың тіліне, сюжеті мен композициясына қатысты ұғымдар мен терминдерге сипаттама, анықтама берілген еңбектер қатарында 1962 жылы филология ғылымдарының кандидаты Ғали Әбетов құрастырған «Әдебиеттану терминдерінің орысша-қазақша қысқаша сөздігі» жатады. Сөздікке жеті жүзден астам кірме термин мен қазақтың елу бір төл термині

енген, оның қырық төрт фольклортануға тікелей қатысты. Бұл еңбек әдеби терминдерді жүйелеп, мәнін түсіндіріп, бірсыпыра терминдерге қазақша нақты балама қолданған алғашқы сөздік болды [8].

Академик З.Ахметов пен Т.Шаңбаев құрастырған «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» (1996, 1998) әдеби терминдердің негізгі ұғымдары мен терминдері жүйеленіп берілді [9]. Сөздікте бес жүз сегіз термин реестрге алынған, оның басым көршілігі былина, заговор сияқты қазақ пәнсөздеріне тікелей қатысы шамалы сөздер екені анықталды. Қазақ фольклортануына тән жетпіс алты терминге мақала жазылды.

Мұхтар Әуезовтен бастау алатын фольклортану саласындағы зерттеу еңбектері мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық монографияларында осы ғылым саласының негізгі терминдер қоры қалыптасты [10]. Әдебиет теориясы саласында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов, З.Қабдолов еңбектерінде де көптеген фольклортану терминдеріне сипаттама, анықтама берілген.

Фольклортану ғылымының ұлттық бағытта өркендеуі пән ұғымдарының атауынантанылады. Қазақ фольклортану ғылымында қолданыстағы терминдердің басым көпшілігі – ұлттық терминдер. М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Б.Уақатов, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Е.Тұрсынов, А.Сейдімбек, К.Матыжанов, Т.Қоңыратбай, Б.Рақымов, Ш.Керім ұсынған термин-атаулар ғалымдар тарапынан жаппай қолданылып, қазіргі фольклортану ғылымының метатілін, терминдік қорын байытып отыр. Қазақ фольклорының жекелеген жанрларын сипаттауға арналған зерттеулерде халық өлеңдерін Б.Уақатов, лиро-эпосты Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, ертегілерді Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, Е.Костюхин, прозалық жанрларды С.Қасқабасов, дастан жанрын Б.Әзібаева, эпосты Р.Бердібаев, Ш.Ибраев, ғұрып фольклорын Б.Абылқасымов, К.Матыжанов, тарихи жырларды Б.Рақымов, С.Сәкен, жұмбақтарды Ш.Керім, жекелеген батырлық жырларды О.Нұрмағамбетова, Т.Сыдықов, М.Ғұмарова, Т.Қоңыратбай, Ж.Асанов, Б.Қорғанбеков, А.Тұрғанбеков, Ж.Рақыш, топонимдік аңыздарды А.Пангереев, ауызша әңгімелерді П.Әуесбаева және басқалар зерттеді. «Қазақ фольклорының типологиясы», «Фольклор шындығы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» он томдық еңбектің «Фольклорлық кезең» атты 1-томы іргелі зерттеу еңбектері мен «Қазақ халық әдебиеті» сериясы, «Бабалар сөзі» жүзтомдығы сияқты фольклорлық шығармалар қамтылған жинақтарда фольклортану терминдері дамуының кезеңдік сипаты көрініс береді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін академик Ә. Қайдар ұсынған қағидаттар бойынша ана тілінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану арқылы жаңа терминдер жасап, тілімізге орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған кейбір кірме терминдердің орнына қазақша баламалар ұсыну немесе оларды ұлт тілінің заңдылықтарына сәйкес бейімдеп қабылдауға айрықша мән берілді [7, 244-250]. Бұл қазақ фольклортану терминологиясының ғылыми негізде қалыптасуына әсер еткен де осы факторлар болды. Осы кезеңде қазақ фольклортану саласында фольклордың бұрын «ақтандақ» болған ғұрыптық фольклор, тарихи жырлар, дастан (әсіресе діни дастандар) жанрлары терең зерттелді.

Отандық әдебиеттану саласында энциклопедиялық терминдер сөздігін жасау 1999 жылы қолға алынды. «Қазақ әдебиеті» атты энциклопедиялық басылымда фольклортануға қатысты сексен термин қамтылса, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында, «Түркістан» халықаралық энциклопедиясында кейбір фольклортану терминдеріне түсінік берілген [11]. Дегенмен қазіргі таңда фольклортану ғылымының барлық жетістіктері ескерілген сөздіктің қажеттігі сөзсіз.

«Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әдебиет» атты кітапта [12] айтыс, анекдот, аңыз-күйлер, бата сөз, дастан, жыршы, жұмбақ, импровизация, тарихи жырлар, аңыз, лиро-эпос жанры, миф, мәтел, жоқтау, ауыз әдебиеті, халық ауыз әдебиеті, фольклор, эпикалық өлеңдер, эпос, жалпы он тоғыз терминге түсінік берілген, төл терминдер ескерілмей, орыс тіліндегі нұсқасынан аударма жасалған. Мысалы, тарихи жырларға берілген түсініктің дұрыс еместігі төмендегі мысалдан анық көрінеді:

«Тарихи жырлар – халықтық поэтикалық шығармашылықтың жанры, татарлармен күрес кезеңінде (?) пайда болған және 16 ғасырдағы негізгі тарихи жанрлардың бірі болған. Аңыз өлеңдерге қарағанда тарихи жырлар олардың негізгі сюжеті шындық оқиғаға, маңызды әлеуметтік және сыртқы саяси конфликтілерге құрылғандығымен ерекшеленеді. Т. ж-дың орындалуы мен поэтикасының басты белгісі – лаконизм, драматизм және тілінің қарапайымдылығы. Т. ж. Солтүстікте, казактарда және әртүрлі облыстық дәстүрлер араласқан Орталық Повольжеде ұзағырақ сақталған» [12, 141-142]. Бұдан шығатын қорытынды көрсетілген еңбекте орыс тіліндегі анықтамалар талғаусыз аударыла салған. Байқап отырғанымыздай, осы уақытқа дейінгі отандық сөздіктерде фольклортану терминдері

толық қамтылмай, санаулы үлгілері ғана қарастырылған. Талантты зерттеуші Серікбол Қондыбайдың «Қазақ мифологиясының қысқаша сөздігі» орыс тілінде жарық көрген [13].

Шетел тәжірибесінде фольклортану (оның ішінде мифология) мен этнографиядағы терминдер жүйесіне арналған еңбектерді («Свод этнографических понятий и терминов», «Мифологический словарь», ред. В. Мелетинский), Н. Петровтың орыс фольклоры терминдерінің электронды сөздігін, В. П. Ойношев құрастырған Алтай халықтарының этнографиялық және фольклорлық ұғымдар мен терминдердің қысқаша сөздігін атауға болады [14].

Халықаралық терминдердің салалық терминологияда қолданылуы, терминологияны біріздендіру мәселесі де маңызды. Қазақ эпостарын ішкі жанрлық жіктеуде жетекші ғалымдар әр қилы көзқарасты танытып жатады. Мысалы, бұрын лиро-эпикалық жыр құрамында жарияланып, зерттеліп келген «Айман, Шолпан» жырын академик Сейіт Қасқабасов балладалық жырға жатқызады: «... бұл шығармаларда эпикалық пафос бар да, эпикалық батыр жоқ, екі жастың қосылуы бар да, бір-біріне іңкәр болған ғашықтар жоқ, тарихи адамдар бар да, тарихи факт жоқ. Мұндай туындылардың тағы бір ерекшелігі – ежелгі мифтік ұғымдардың, ертегілік қиял-ғажайыптың жоқтығы және оқиғаның кәдімгі өмірдегі жағдайда өрбуі. Міне, осылардың бәрі ол шығармаларды жеке жанрдың үлгісі деп қарауға негіз болғандай. Бұл топқа «Айман-Шолпан», «Наурызбай-Қаншайым», «Ерназар-Бекет» секілді шығармаларды жатқызуға болады» [15]. Ал профессор Бақытжан Әзібаева Маман бай мен Көтібар батыр арасында бір аста алтындаған салтанатты ақ үй үшін туған ерегістің бейбіт түрде шешімін ақыл-айламен тапқан, ел тыныштығын ойлаған ақылды қыз Айманның бейнесіне қарап хикаялық дастанға жататынын дәлелдеген [16, 146-153]. Қазақ фольклортану терминдер сөздігін түзуде терминдерді сұрыптап алу, терминдерді беру тәсілдерін меңгере отырып қазіргі фольклортану ғылымында қалыптасқан термин қор басшылыққа алынды, бірнеше терминнің бір жанрдың маңына топтасуын синоним ретінде айтылады.

Жыр терминін «ертегі» (В. Радлов), «батырлар әңгімесі» (М. Әуезов), «жыр, аңыз» (С. Сейфуллин), «батырлар жыры» (Ә. Қоңыратбаев, Қ. Жұмалиев), «эпикалық жырлар» (М. Ғабдуллин), «қаһармандық эпос» (Р. Бердібай), «лиро-эпос» (Ы. Дүйсенбаев), «ғашықтық жыр» (Ә. Қоңыратбаев) «батырлық жыр» (Ш. Ыбыраев) т.б. атаулармен «эпос» деген термин қабат қолданылады. «Сатира» жанрын А. Байтұрсынұлы кекесіндеу, Ғ. Әбетов сатира, сықақ деп атаса, академик С. Қасқабасов «Қазақ фольклоры» монографиясында сатиралық деп жіктелетін ертегінің жанрлық түрін сықақ ертегілер деп қазақы атауды ұсынды. Орыс фольклортану ғылымының әсерімен батырлар жырларымен қатар «қаһармандық эпос», «батырлық жыр», «классикалық эпос» деген атаулар алынған.

Жанрлық классификацияда әр қилы терминдерге жол беру кейде терминологияда өзінің қолтаңбасын қалдыруға ұмтылушылық деп түсінуге болады. Мысалы, «Жазушы» баспасы 2000 жылы шығарған көп томдықтарда ғылымда қалыптасқан терминдерді пайдаланудың орнына көп сөзбен берілген анықтаушыты қолдану үрдісі байқалды. Мысалы, қиял-ғажайыбы аралас ертегі деген жанрлық атаудың ғылыми негізі тиянақсыз екенін танытады. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары құрастырып, баспаға дайындаған «Қазақ халық әдебиеті» сериясы мен шыққан көп томдықтың он жеті томы жарияланған соң 1990-жылдардағы ғылымды қаржыландырудың азаюы салдарынан тоқтап қалған болатын. Кейін осы серияның меншік иесі ретінде 2000 жылдары қайта жарияламақ болған «Жазушы» баспасы, баспа редакторы кітаптың бұрынғы құрылымын танымастай өзгертуге күш салған, сол себепті осындай жанрлық түр атаулары пайда болған.

Қазақ фольклортану саласында қолданылатын терминдер мен фольклортану ұғымдарының пайда болу жолдары мен тарихы ұлттық фольклортану тарихымен тікелей байланысты. Ұлттық фольклортану саласында төл терминдер мен түркі халықтарына ортақ терминдер басым болып келеді, ал орыс тілі арқылы өзге шет тілдерінен енген терминдердің үлес салмағы азырақ. Дегенмен фольклор жанрлары негізінен ұлттық терминдер болса, жалпы фольклортанулық ұғымдар мен түсініктердің интернационал терминдерден құралатыны аңғарылады. Фольклортану терминдерінің сөздігін түзуде терминдерді сұрыптап алу, терминдерді беру тәсілдерін меңгере отырып қазіргі фольклортану ғылымында қалыптасқан термин қор негізге алынды, бірнеше терминнің бір жанрдың маңына топтасып синоним ретінде қолданылатыны да айтылды.

Қорытынды. Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ фольклортанудың барлық салаларын қамтитын кешенді термин тану жұмысы әлі күнге жүзеге асырылмаған. «Қазақ фольклортануының терминдер сөздігі» осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Қазақ

фольклортану терминдері кешенді зерттеліп, бұл тұрғыдан алғанда қазақ фольклортанушыларының өзге ел зерттеушілерінің еңбектері аса маңызды. Соңғы жылдары жарияланған ғылыми жұмыстарға жасалған талдау нәтижесі қазақ фольклортану ғылымының дамығанын, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Ұлттық ауқымдағы зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы қазақ фольклортануының дамуына, әдебиеттанулық пәндердің дамуына, қазақ фольклорымен айналысатындардың танымдық қызметін дамытуға және қалыптастыруға үлес қосатын нәтижелерде жатыр; халықаралық ауқымда қазақ фольклортану терминдерін түсінуге әсер етеді. Фольклорлық терминдерді берік қалыптастыру үшін пән терминдерінің түсініктемесі анық, нақты жазылғанда, қағидаға айналған тұрақты терминдер теориялық ойдың кемелденуіне ықпал жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Валиханов Ч.Ч. *О формах казахской народной поэзии // Классические исследования: Много томник. Т. 12: Ч.Ч.Валиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин. Труды по фольклору.* – Алматы, Әдебиет әлемі, 2013. – С. 46-51.

2 Радлов В.В. *Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Ч.III.* – СПб, 1870. – С. 88-119.

3 Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш // Байтұрсынов А. 6 томдық шығармалар жинағы.* – Алматы, Ел-шежіре, 2013. – Б. 149-351.

4 Әуезов М. *Әдебиет тарихы.* – Алматы, Ана тілі, 1991. – 240 б.

5 Досмұхамедұлы Х. *Қазақ халық әдебиеті // Досмұхамедұлы Х. Аламан.* – Алматы, Ана тілі, 1991. – Б. 70-80.

6 Мусаев К.М. *Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. Общая проблематика.* – Москва, Наука, 1986. – С. 6-178.

7 Құрманбайұлы Ш. *Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.* – Алматы, Сардар, 2014. – 928 б.

8 Әбетов Ф. *Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі.* – Алматы, Қаз ССР ҒА баспасы, 1962. – 140 б.

9 *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев.* – Алматы, Ана тілі, 1998. – 384 б.

10 *Қазақ фольклорының типологиясы.* – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.;

11 *Қазақ әдебиеті: Энциклопедия.* – Алматы: ҚР БҒМ, Қазақстан даму институты, 1999. – 750 б.; *Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 1-10-том.* – Алматы: «Қазақэнциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998-2007; *Түркістан, Халықаралық энциклопедиясы.* – Алматы, 2000. – 656 б.

12. *Орысша-қазақша түсіндірмесөздік: Әдебиет / Жалпы ред. басқарған Е.Арын.* – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 515 б.

13 Кондыбай С. *Школьный словарь казахской мифологии.* – Алматы: Арыс, 2013. - 140 с.

14 *Свод этнографических понятий и терминов / Отв. ред. Б.Н.Путилов, Г.Штрабах. Выпуск 4. Народные знания. Фольклор. Народное искусство.* – М., Наука, 1986. – 240 с.

15 Қасқабасов С. *Ой өріс. Зерттеулер.* – Алматы, Жібек Жолы, 2009. – 303 б.

16 Әзібаева Б. *Қазақ дастандары.* – Алматы, 2009. – 288 б.

Мақала ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған (мемтіркеу № 0118РК01300)

References:

1 Valihanov Ch.Ch. *O formah kazahskoi narodnoi poezii // Klasicheskie issledovania: Mnogotomnik. T. 12: Ch.Ch.Valihanov, V.V.Radlov, G.N.Potantin. Trudy po folkloru.* – Almaty, Ādebiet ālemi, 2013. – S. 46-51.

2 Radlov V.V. *Obrazsy narodnoi literatury türkskih plemen, jivuşih v İujnoi Sibiri i Dzungarskoi stepi. Ch.III.* – SPb, 1870. – S. 88-119.

3 Baitürsynov A. *Ādebiet tanytqyş // Baitürsynov A. 6 tomdyq şyğarmalar jinağy.* – Almaty, El-şejire, 2013. – B. 149-351.

4 Āuezov M. *Ādebiet tarihy.* – Almaty, Ana tılı, 1991. – 240 b.

- 5 Dosmūhamedūly H. *Qazaq halyq әдеbieti // Dosmūhamedūly H. Alaman.* – Almaty, *Ana tili*, 1991. – B. 70-80.
- 6 Musaev K.M. *Formirovanie, razvitie i sovremennyye problemy terminologii na iazykah soiuznyh respublik SSR // Razvitie terminologii na iazykah soiuznyh respublik SSSR. Obşaaia problematika.* – Moskva, Nauka, 1986. – S. 6-178.
- 7 Qūrmanbaiūly Ş. *Qazaqterminologiasy: zertteuler, oqulyq, sözdik, bibliografia.* – Almaty, Sardar, 2014. – 928 b.
- 8 Äbetov Ğ. *Ädebiettanu terminderiniñ qysqaşa oryssa-qazaqşa sözdıgı.* – Almaty, Qaz SSR ĞA baspasy, 1962. – 140 b.
- 9 *Ädebiettanu. Terminder sözdıgı / Qūrast. Z.Ahmetov, T.Şañbaev.* – Almaty, *Ana tili*, 1998. – 384 b.
- 10 *Qazaq föklorynyñ tipologiasy.* – Almaty: Ğylym, 1981. – 308 b.;
- 11 *Qazaq әdebieti: Ensiklopedia.* – Almaty: QR BĜM, *Qazaqstan damu instituty*, 1999. – 750 b.; *Qazaqstan: Ūlttyq ensiklopedia. 1-10-tom.* – Almaty: «Qazaqensiklopediasynyñ» Bas redaksiasy, 1998-2007; *Türkistan, Halyqaralyq ensiklopediasy.* – Almaty, 2000. – 656 b.
12. *Oryssa-qazaqşatüisindirmesözdik: Ädebiat / Jalpy red. basqarğanE.Aryn.* – Pavlodar: «EKO» ĞÖF, 2006. – 515 b.
- 13 *Kondybai S. Şkölnyi slovär kazahskoi mifologii.* – Almaty: Arys, 2013. - 140 s.
- 14 *Svod etnograficheskikh ponäti i terminov / Otv. red. B.N.Putilov, G.Ştrobah. Vypusk 4. Narodnye znania. Föklor. Narodnoe iskustvo.* – M., Nauka, 1986. – 240 s.
- 15 *Qasqabasov S.Oi öris. Zertteuler.* – Almaty, *Jibek Joly*, 2009. – 303 b.
- 16 *Äzibaeva B. Qazaq dastandary.* – Almaty, 2009. – 288 b. *Maqala QR BĜM ĞK granttyq qarjylandyruy aiasynda jüzege asyrylğan ğylymi-zertteu jobasy nätijeleri boiynşa daiyndalğan (memtirkeu № 0118RK01300)*

МРНТИ 17.82.10

Рүстемова Ж.А.¹

¹ *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан*

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ, ЫБЫРАЙ ДӘСТҮРЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ балалар поэзиясында Абай салған дәстүрлерді бейнелеудің ерекшеліктері қарастырылады. Автор, сондай-ақ, ақын-ағартушылардың шығармаларындағы тақырыптық, идеялық, композициялық ұқсастық мәселелеріне назар аударады. Қай халықтың да ғасыр бойы дамып, қалыптасқан ұлттық дүниетанымы, өзіндік философиясы, фольклорлық мұралары, бір сөзбен айтқанда, өзіне тән рухани әлемі болатыны мәдениет тарихынан жақсы белгілі. Ұлттық руханият қазынасына мейлінше бай жұрттардың бірі қазақ халқы екендігі әр уақытта дәлелденіп келеді. Кейінгі дәуірлерде осынау рухани игілік көлемі сан жағынан да, эстетикалық әсері жағынан да одан әрі жетіліп, толығы түсуде. Бұл тұжырымның бір айқын көрінісі – қазақтың жазба балалар әдебиеті. Бүгінгі таңда ол тарихы терең, философиялық-эстетикалық тұғыры нық, ой мен мазмұнға қашанда бай болып келетін құнарлы қазақ әдебиетінің үлкен бір тармағына айналып отыр. Әдебиет пәнін оқыту, соның негізінде балаларға жан-жақты тәрбие беру балаларға арналған фольклор түрлерін, жазба әдебиет үлгілерін терең меңгеріп, іс жүзінде пайдалана білуге дағдылану қажет.

Түйін сөздер: Дәстүр, балалар поэзиясы, дидактикалық сипат, шығармашылық, ағартушылық идея